

Даму құқығын қоса алғанда, барлық адам құқықтарын, азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды көтермелеу және қорғау

Мартин Шейниннің* терроризммен күрес жағдайларында адам құқықтарын және негізгі бостандықтарды көтермелеу және қорғау туралы мәселесі бойынша Арнайы баяндамашының 2009 жылғы 4 ақпандағы № А/HRC/10/3 баяндамасы

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы

Адам құқықтары жөніндегі кеңес
О н ы н ш ы с е с с и я с ы

Күн тәртібінің 3-тармағы

* Құжатты кешіктіріп ұсынды.

Түйіні

Кіріспеден кейін осы баяндаманың I-тарауыда Арнайы баяндамашының 2007 жылғы 17 желтоқсаннан 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейін негізгі қызметі туралы айтылады. Баяндаманың негізгі бөлігінде (II-тарау) терроризммен күрестегі арнаулы қызметтің рөліне қатысты Арнайы баяндамашының мазасыздылығы баяндалды. А-бөлімінде 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террорлық шабуылдардан кейін арнаулы қызметке ұсынылған кең өкілеттіктерді реттеудің ерекше тегіс қамти алатын заңнамалық негіз құру қажеттігі баса айтылады. Электрмагнитті хабарламаларды ұстап қалу жолымен деректерді жинау және оларды алмастыру жеке өмір құқықтары мен кемсітпеушілік принципінің бірнеше бұзушылықтарының себебі болды, сол кезде « деректерді агнетурлық жинау» - тікелей байланыс жолымен деректерді жинау – азаптауларға және адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттер түрлеріне тыйым салу сияқты императивтік нормаларды бұзуға дейін әкелді.

Бар мәліметтерді қадағалау және саяси және заңдық жауапкершіліктің жоқтығы арнаулы қызметтерге құқыққа қайшы әрекеттерді жасауға ықпал етеді деп болжалданады. Осы мәселе барлық баяндама бойы көтеріледі, бұл ретте II-тараудың В-бөлімінде Арнайы баяндамашы осы мәнмәтінде арнаулы қызмет арасындағы ынтымақтастықты кеңейту нәтижесінде туындайтын проблемаларды ерекше қарайды. Ол Арнаулы қызметтері бірлескен операцияларды жүзеге асырған, жауап алуларды жүргізуге қатысқан және жедел мақсаттар үшін барлау деректерін алған жағдайларда адам құқықтары саласындағы мемлекеттердің міндеттемелерін түсіндіреді.

Кейбір жағдайларда арнаулы қызметтер мемлекеттік лауазымдық тұлғалардың

салғырттығы кезінде немесе олардың құпия құсқаулары негізінде де заңсыз әрекеттер жасай алады. Олардың жағдайларына қарай Арнайы баяндамашы әртүрлі елдердің қадағалау органдары пайдаланатын озық практикалық әдістерін қарайды. С-бөлімінде мемлекеттік құпияны және қоғам мүдделерін қорғауға байланысты жауапкершіліктен босату туралы ұлттық заңнаманың ережелері елдер үшін – адам құқықтары саласындағы нормаларға сәйкес – адам құқықтарының өрескел бұзушылықтарына тәуелсіз тергеу жүргізу және мұндай бұзушылықтардан зардап шеккен тұлғаларды құқық қорғаудың тиімді құралдарымен қамтамасыз ету жағымды жағдайлардың күшін ж о й м а й т ы н д ы ғ ы н б а с а а й т а д ы .

Қорытынды бөлімінде арнаулы қызметтің терроризммен күрес барысындағы іс-әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған әртүрлі негізгі субъектілері (арнаулы қызметтерге, ұлттық заңнамалық жиналыстарға, атқарушы билік органдарына және Біріккен Ұлттар Ұйымына) қамтылды.

Мазмұны

К і р і с п е

I. Арнайы баяндамашының қызметі.

II. Арнаулы қызметтердің рөлі және терроризммен күрес қызметін қадағалау.

A. Барлау қызметтерінің өкілеттіктерін кеңейту және тетіктердегі «ex ante» жауапкершілігін қамтамасыз ету мұқтаждығы.

B. Арнаулы қызметтердің ынтымақтастығы.

C. Ex post facto жауапкершілігі және құқықтық қорғаудың тиімді құралына құқығы.

III. Қорытындылар мен ұсынымдар.

A. Қ о р ы т ы н д ы л а р .

B. Ұсынымдар.

Кіріспе

1. Осы баяндама Адам құқықтары жөніндегі кеңеске Арнайы баяндамашымен Бас Ассамблеяның 62/159 қарары мен Кеңестің 6/28 қарарын орындау үшін терроризммен күрес жағдайлардағы адам құқықтарын және негізгі бостандықтарды көтермелеу және қорғау туралы мәселесі бойынша ұсынылады. Баяндаманың негізгі бөлігінде Арнайы баяндамашының 2007 жылғы 1 қарашадан 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қызметі сипатталады, ал тақырыптық жоспарда баяндама арнаулы қызметтердің терроризммен күрес және олардың қызметін қадағалау рөліне арналды. Қосымша ретінде хабарламалар бойынша баяндама¹ және 2008 жылғы мамырдың 7-14 аралығында Испанияға фактілер жинау бойынша миссияның нәтижелері туралы баяндама² ш ы ғ а р ы л а д ы .

2. Алдағы ел сапарына қатысты Арнайы баяндамашы осы баяндаманы ұсынғанға дейін Туниске барып келуді ойлайды. 2008 жылғы маусым айында осы елдің

үкіметінен тиісті шақыру келді, бірақ ол сапардың нақты мерзімдерін көрсету өтініміне жауап берген жоқ. Шақырулар жіберу өтінімдері Алжирға, Египетке, Малазияға, Пәкістанға және Филиппинге жолданды, бірақ олар әлі жауап берген жоқ. Жуырда Арнайы баяндамашы ұқсас өтінімдерді Перуге, Таиландқа және Чилиге жолдады.

1

A / H R C / 1 0 / 3 / A d d . 1 .

² A/HRC/10/3/Add.2.

I. Арнайы баяндамашының қызметі

3. 2007 жылғы 1 желтоқсаннан 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі Арнайы баяндамашы мандатына сәйкес белгілі жұмыс жасады. Оның негізгі сәттері төменде б а я н д а л а д ы .

4. 2007 жылғы желтоқсан айының 11-14 аралығында Арнайы баяндамашы Женевадағы Адам құқықтары жөніндегі кеңестің алтыншы сессиясына баяндамасын ұсынды. Ол тұрақты Египет, Израил, Пәкістан, Ресей, Америка Құрама Штаттары және Филиппин өкілдерінің қызметкерлерімен кездесулер өткізді және «Халықаралық жауапкершілік туралы мәселеге қойылған тәсілді өзгерту: адамның құқықтарын бұзу мәнмәтініндегі халықаралық келісім» және «Гуантанамодан кейін: терроризммен күрес жағдайларда адам құқықтарын қорғау» атты екі қосарлас іс-шараға қатысты.

5. 2008 жылғы қаңтар айының 13 және 14 аралығында Арнайы баяндамашы Араб және еуропа елдерінің адам құқықтары жөніндегі бірлескен әңгімелесу шеңберінде терроризммен күрес жөніндегі шараларға арналған Ұлттық құқық қорғау мекемелері бойынша жұмыс тобының Каир кеңесіне қатысты. Бұдан басқа, Египет адам құқықтары жөніндегі кеңесінің өкілдерімен кездесу өткізді. 2008 жылғы 5 наурызда Женевада Египеттік сот және парламент кеңесі істері жөніндегі мемлекеттік министрмен кездесу барысында терроризммен күрес жөніндегі заңнаманы әзірлеу кезінде адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелерінде түйісетін проблемаларды талқылады.

6. 2008 жылғы 13 ақпанда Брюсселде Арнайы баяндамашы Еуропа одағы кеңесінің Адам құқықтары жөніндегі жұмыс тобының (АҚЖТ) мәжілісінде сөз сөйледі және Еуропа одағының Терроризммен күрес мәселелері жөніндегі үйлестірушімен кездесу ө т к і з д і .

7. 2008 жылғы 18 ақпанда Женевада Арнайы баяндамашы Египеттің және Женевадағы Сальвадордың тұрақты өкілдері қызметкерлерімен кездесті.

8. 2008 жылғы 4 наурызда Копенгагендегі Даниялық Адам құқықтары жөніндегі институтта «11 қыркүйектен кейін адам құқықтары – артқа шегіну немесе жаңа мүмкіндіктер?» атты тақырыпта дәріс оқыды.

9. 2008 жылғы 19 наурызда және 28 наурызда Арнайы баяндамашы Мельбурн және Сиднейде адам құқықтары және терроризммен күрес мәселелері бойынша көпшілік

10. 2008 жылғы 23 сәуірде Арнайы баяндамашы Санкт-Петербуркте адам құқықтары және терроризммен күрес туралы көпшілік алдында дәріс оқыды.

11. 2008 жылғы мамыр айының 19 және 20 аралығында Арнайы баяндамашы Нью-Йоркте Терроризммен күрес жағдайларында іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі мақсатты топтың (ТКІШМТ) кеңесіне қатысты. Арнайы баяндамашы терроризммен күрес жағдайларында адам құқықтарын қорғау мәселелері, терроризм құрбандарын қолдау және оларға назар тарту және Ғаламторды террорлық мақсаттарға пайдалануға қарсы әрекет жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болып табылды.

12. 2008 жылғы 5 маусымда Арнайы баяндамашы Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының Терроризмді ескерту жөніндегі сектордың (ЮНОДК) қызметкерлерімен телеконференцияға қатысты және ЮНОДК терроризммен күрес туралы бірыңғай заңнамалық ережелердің жобаларына енгізілген адам құқықтарының компоненттерін баяндай отырып жазбаша құжатын ұсынды.

13. 2008 жылғы мауысым айының 9-12 аралығында Арнайы баяндамашы Вашингтонда болды, онда конгресстің мүшелері алдында бейресми сөз сөйледі. Бұл кездесу терроризммен күрес саласында ғалами ынтымақтастық мәселелері жөніндегі Орталықпен ұйымдастырылды. Ол Гуантанамо-Бейдегі базада әскери комиссияларымен қаралатын құқықтық аспектілер және осы елге миссиясы туралы баяндамасын дамытуда терроризмге күдікті адамдардан жауап алу әдістері талқыланған Құрама Штаттарының Құқықтық мәселелері жөніндегі басқармасының өкілдерімен жұмыс кеңесін өткізді³. Бұдан басқа, Арнайы баяндамашы Америкалық университетте өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының Ғалами контртеррорлық стратегиясын жүзеге асыру барысын топтық талқылауына қатысты.

³ A/HRC/6/17/Add.3.

14. 2008 жылғы 16 маусымда Арнайы баяндамашы Прагада болды, ол Словенияның Еуропалық одағындағы (ЕО) өкілділігі кезеңінде Чехия Республикасының Сыртқы істер министрлігі Еуропа комиссиясымен бірлесіп өткізілген халықаралық құқыққа сәйкес терроризммен күрес жағдайларда адам құқықтарын сақтау мәселелері жөніндегі Еуропа және Жерорта теңіз елдерінің семинарына қатысты.

15. 2008 жылғы мауысым айының 23-27 аралығында Арнайы баяндамашы арнаулы процедуралардың мандат алушыларының жыл сайынғы кеңесінің он бесінші сессиясына қатысты. Бұдан басқа, Тунис және Таиландтың тұрақты өкілдерінің қызметкерлерімен жоғары деңгейде кездесу өткізді.

16. 2008 жылғы 24 маусымда Арнайы баяндамашының өкілдігімен Женевада Біріккен Ұлттар Ұйымы Жоғары комиссарының Адам құқықтары жөніндегі басқармасының (ЖКАҚБ) қолдауында «РЕДРЕСС» ұйымдастырған «Халықаралық әуе

құқығы: терроризммен күрестің мәнмәтінінде құқықтық кепілдіктерді көтермелеу және адам құқықтарын қорғау» атты тақырып бойынша кеңес өткізілді. Кеңес жұмысына Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) және Еуропа Кеңесінің Венециялық комиссиясының заңгерлері қатысты.

17. 2008 жылғы 26 маусымда Арнайы баяндамашы Женевада Халықаралық зерртеулер академиялық институтында Адам құқықтары саласында Саясат жөніндегі халықаралық кеңеспен (АҚСХК) ұйымдастырылған «Терроризм: құқық қорғау ұйымдары іс-әрекеттерінің қауіп-қатерлері мен нұсқалары» атты тақырып бойынша топтық талқылауға қатысты.

18. 2008 жылғы шілде айының 14-18 аралығында Арнайы баяндамашы Бас Ассамблея мен Адам құқықтары жөніндегі кеңеске баяндамаларын дайындау барысында Женевада консультация өткізді. Осыдан басқа, ол Пәкістанның тұрақты өкілімен кездесті.

19. 2008 жылғы қыркүйек айының 18 және 19 аралығында Арнайы баяндамашы мандатына қатысты тақырыптық мәселелер талқыланған Флоренциядағы Еуропа университетінің Институтында (ЕУИ) сараптау тобының кеңесін өткізді. Бұл кеңес Арнайы баяндамашыға мандатын жүзеге асыруға жәрдемдесу жобасы шеңберінде «Або-Академи» Университеті Адам құқықтары жөніндегі институтының қаржылай қолдауында өткізілді.

20. 2008 жылғы 18 қазанда Арнайы баяндамашы Қарулы күштерді демократтық бақылау мәселелері жөніндегі Женева орталығымен, Мәліметтерді жинауды қадағалау жөніндегі норвегиялық парламенттің комитеті және Дарем Университетінің Адам құқықтары жөніндегі орталығы ұйымдастырған «Арнаулы қызметтер арасындағы халықаралық ынтымақтастық ісіндегі жауапкершілік» атты тақырып бойынша норвегиялық парламенттегі практикум қатысушыларының алдында сөз сөйледі.

21. 2008 жылғы қазан айының 20-22 аралығында Арнайы баяндамашы Нью-Йоркте болды, ол Бас Ассамблеяның Үшінші комитетіне баяндамасын (А/63/223) ұсынды. Арнайы баяндамашы «Әл-Кайд» ұйымына және «Талибан» қозғалысына, Контртеррорлық комитетке (КТК) және Контртеррорлық комитеттің Атқарушы директоратына (КТКАД) қатысты санкциялар бойынша Комитет мүшелерінің қатысуымен ресми мәжілістерге қатысты. Ол ЦГМБТ Төрағасымен және оның екі жұмыс тобының мүшелерімен кездесті. Арнайы баяндамашының төрағалығымен бұрын өткізілген іс-шаралардың қорытындылары бойынша бірінші кезекте КТК, КТКАД және ИКАО сияқты халықаралық органдардың мүмкіндіктері талқыланған, төтенше беру процедуралары шеңберінде ұсталған адамдардың әуе тасмалдауын ескертуге, айқындау мен тергеуге себеп болатын құқықтық шараларды анықтау ісінде халықаралық әуе құқығы туралы мәселе бойынша сарапшылардың кеңесі өтті. Бұдан басқа, ол бірнеше үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесті және баспасөз конференциясын өткізді.

22. 2008 жылғы 27 қазанда, Амманда АДЖКБ ұйымдастырған терроризммен күрес жағдайларында адам құқықтарын сақтау туралы мәселе бойынша өңірлік семинар шеңберінде, Арнайы баяндамашы «Заңдылық принциптер: терроризмді және терроризмге қатысты құқық бұзушылықтарды анықтау» тақырыбы жөніндегі кеңесте т ө р а ғ а л ы қ е т т і .

23. 2008 жылғы 7 қарашада Арнайы баяндамашы ЦГМБТ адам құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Жұмыс тобымен өткізілген «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға терроризмнің және контртеррорлық шаралардың әсері» тақырыбы бойынша сарапшылардың кеңесіне қатысты.

24. 2008 жылғы қараша айының 11 және 12 аралығында Арнайы баяндамашының өкілі Жұмыс тобымен ұйымдастырылған Нью-Йоркте өткен мүдделі тараптардың ЦГМБТ Ғаламторды террорлық мақсаттарға пайдаланудың кері әсері жөніндегі кеңесіне қатысты.

II. Арнаулы қызметтердің рөлі және олардың терроризммен күрес қызметін қадағалау

25. Мандатын жүзеге асыру барысында Арнайы баяндамашы қадағалау және саяси және заңи жауапкершіліктің жоқтығы арнаулы қызметтерге құқыққа қайшы әрекеттер⁴ жасауға ықпал ететіне көңіл аударды. Мұндай заңсыз әрекеттер мемлекеттік лауазымды тұлғаладың салғырттығы кезінде немесе олардың құпия нұсқаулары негізінде де жасалуы мүмкін. Осыған байланысты осы баяндамада барлау қызметтерін тым кең өкілеттіктермен бөлу және адам құқықтары үшін олардың арасындағы ынтымақтастықты кеңейту салдарлары қаралады. Арнаулы қызметтің жұмысында қолданылатын адам құқықтары саласындағы міндеттемелерінің көлемін нақтылау және контртеррорлық операцияларына қатысты жауапкершілігі мен бақылауын арттыруға себеп болатын озық тәжірибелік әдістерін айқындау үшін бірнеше мемлекет мүшелерінің өнегелік құқығына, заңнамасы мен тәжірибесіне талдау жүргізілді⁵.

⁴ Осы баяндамада «арнаулы қызмет» термині басқа да және/немесе өз елдерінде жұмыс істейтін қызметтерге қатысты қолданылады.

⁵ Арнайы баяндамашы осы баяндаманы дайындау барысында көмек көсеткені үшін өзінің ғылыми ЕУИ ассистенті Матиас Вермюленге, Қарулы күштерді демократтық бақылау мәселелері жөніндегі Женева орталығының (КҚДБ) қызметкерлеріне, Халықаралық заңгерлер комиссиясына және Еуропа университетінің институтында (ЕУИ) ұйымдастырылған терроризммен күрес саласында ұлттық, еуропалық және халықаралық іс-әрекеттер мәселелері жөніндегі заңгер-аспиранттарға арналған семинарына қатысушыларға шексіз алғысын білдіреді.

А. Барлау қызметінің өкілеттіктерін кеңейту және «ex ante» жауапкершілігін қамтамасыз ету тетіктеріндегі мұқтаждық

26. Жалпы арнаулы қызметтердің негізгі міндеті жасырын бақылау, хабарламаларды (электрондық) ұстап қалу және мониторингі, үй-жайды жасырын тінту және заттарды қарау және құпия агенттерді пайдалану сияқты арнаулы тергеу әдістерінің жинауын қолдану арқылы бақылауда тұрған адамдардан құпия түрде деректер⁶ және ақпараттар жинау жолымен террорлық қауіпті қоса алғанда, ұлттық қауіпсіздік үшін ықтимал қауіптерді айқындау болып табылады. Осы тергеу әдістерін мемлекеттер халықаралық терроризммен күресте тиімді қолдана алады⁷. Олардың негіздеуі халықаралық құқыққа сәйкес бар мәліметтерге немесе күмәндарға сәйкес терроршыларды⁸ қоса алғанда басқа да адамдардың қылмыстық әрекеттерге қауіп төндіргін адамдарды, өмірлерін қорғау және қауіпсіздік үшін алдын алу шараларын қабылдауға адам құқықтары мемлекеттердің жағымды жағдайларында қаралады.

⁶ Осы құжаттың мақсаты үшін «деректер» деген сөз тірі адамды сәйкестендіру үшін (аты және тегі, туған күні, мекенжайы, телефон, факс нөмірі, электрондық поштаның адресі, көлік құралдарының тіркеу деректері, саусақтың іздері, ДНК профилдері) пайдаланылатын осы жерде айқын, жеке, нақты фактілерде қолданылады.

⁷ Мысалы, *Klass and Others v Germany*, European Court of Human Rights (ECHR), 6 September 1978, paras.48-50, *Murray v the United Kingdom*, ECHR, 28 October 1994, para. 5 8 Қ а р а ң .

⁸ Адам құқықтары жөніндегі комитет Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні сондай-ақ ресми бас бостандығынан айырудың мәнмәтінен тыс дербес құқықтылығы құқығын қорғауды қарастыратынын бірнеше рет баса айтты. Атап айтқанда, Дельгадо Паес Колумбияға қарсы, № 195/1985 хабарлама, 1990 жылғы 12 шілдеде қабылданған түсінік, 5.5-тармақты қараңыз.

1. Арнаулы тергеу әдістерінің құқықтық негізі

27. Мемлекеттер мен олардың арнаулы қызметтерінің іс-әрекеттері үшін жауапкершілігін қамтамасыз ететін маңыздылығы бойынша бірінші сәті әрбір арнаулы қызметтің мандатын анықтайтын және оның ерекше өкілеттіктерін атап көрсетуді қамтитын нақты⁹ және тегіс қамти алатын құқықтық негізін әзірлеу болып табылады. Мұндай негізсіз мемлекет, ең алдымен, халықаралық шарттарда көзделген адам құқықтары саласындағы адам құқығын құрметтеу міндеттемесін орындамау және оларды тиімді сақтауды қамтамасыз етпеу¹⁰ болады. Ең жақсы тәжірибенің мысалы ретінде Нидерландтардың арнаулы қызметін қолдану үшін¹¹ рұқсат етілген әрбір

тергеу әдісінің егжей-тегжейлі сипаттамасына сүйенуге болады.

28. Мемлекеттердің сот мақұлдауы қандай шаралар мен әдістерді қажет ететін мәселеге тәсілдемелері, әдетте, тиісті мемлекетпен танылған конституциялық құқықтардың көлемі мен толықтығына, атап айтқанда жеке басы құқықтарының көлеміне байланысты ажыратылады¹². Қандай да бір мәселе бойынша тергеу ісін өзімен өзі ашу ұйымға немесе жеке тұлғаға күдік болған кезде біреу лаңкестік әрекет жасауды жоспарлап отыр деп адам құқықтарын бұзу ретінде қабылдауға болмайды¹³.

29. Сонда да, осыған байланысты Арнайы баяндамашы «стратегиялық мақсаттарда» жиналған (яғни саясатты әзірлеу үшін арнаулы қызметтерден алған) ақпарат көрсетілген адамдарға қатысты шараларға сот қадағалауы болмаған жағдайларда соттың істі қараулары барысында пайдаланбау керектігін баса айтады. Арнайы баяндамашы әртүрлі соттарда мұндай стратегиялық мәліметтер мен дәлелдеме мәліметтері арасындағы шек әртүрлі «ұлттық қауіпсіздік талаптары» қысымымен жуылып кеткенін мазасыздана атап көрсетеді. Сотта дәлел ретінде арнаулы тергеу әдісін қолдану нәтижелерін пайдалануға соттан тиісті рұқсат алу керек.

30. Мемлекет белгілі алдын алу шараларын пайдалана алады, мысалы араласу түрлері нақты істерді тергеуге байланысты шартында жасырын қадағалау немесе ұстап алу және хабарлама мониторингі. Ол үшін жазылған ықтимал себептері немесе негізделген түсініктер негізінде шығарылған судьяның өкімі керек. Сондай-ақ лаңкестік шабуыл дайындығына шатылуы мүмкін деп күдіктенуге негіз болған тиісті адамдардың мінез-құлқына байланысты белгілі фактілер болуы керек. Жиналған мәліметтерді пайдалана отырып мұндай алдын алу тәсілдеме орағытып өтуіне емес кейінгі соттың істі қарауына есептелді және қауіп-қатерлерді анықтаудың немесе лаңкестік әрекеттегі күдікті адамға қарсы күдік туралы қосымша ақпарат алудың қалаулы, дәлелді және дәлме-дәл әдісі болып саналады. Сонымен қатар мемлекеттерге Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабы бірінші тармағының бірінші ұсынысы сот органдарымен қаралатын барлық істерге қолайлы және әділ сот талқылауының негізгі принциптерін сақтауды талап ететінін ұмытпау қ а ж е т ^{1 4} .

31. Халықаралық құқықта мәліметтерді жинауға тікелей тыйым салынған немесе шектелген жалпы нормасы болмасада негізінде арнаулы қызметтер адам құқықтарын қозғайтын әртүрлі әрекеттерді – «деректерді табудан» құпия операцияларға дейін¹⁵ жүзеге асыра алатын «деңгейлі критерийлерін» мемлекет нақтылауға өте маңызды. Арнаулы қызметтерге заңнамада анық белгіленген өкілеттіктерді беру осындай қызметтер мен құқық қорғау органдарының міндеттерін ажыратуға мүмкіндік туғызады . Осындай анық айырмашылықтардың болмауы жауапкершілік салаларын жырмалауға және халыққа байыпты қауіп болмаған жағдайларда ерекше өкілеттіктерді пайдалану қауіптіліктің пайда болуына әкеледі¹⁶.

⁹ Мысалы, *Kruslin v France*, ECHR, 24 April 1990, para. 33 қараң.

¹⁰ Ұқсас, *Rotaru v Romania*, ECHR judgement, 4 May 2000 қараң.

¹¹ Intelligence and Security Services Act 2002, articles 17-34.

¹² European Commission for Democracy through Law (Venice Commission), report on the democratic oversight of the security services, CDL-AD(2007)016, para. 199.

¹³ *Leander v Sweden*, ECHR, 26 March 1987, paras. 52-57 жазылуын қараң.

¹⁴ Адам құқықтары жөніндегі комитет, сот және трибуналдар алдындағы теңдік және әділ сот талқылауы құқығы туралы жалпы тәртіптегі № 32 (2007 жыл) ескерту, 7 ж ә н е 8 - т а р м а қ т ы қ а р а ң ы з .

¹⁵ Арнаулы қызмет басқа елдің аумағында жүзеге асыратын және оның ісіне араласуды көздейтін жасырын араласу немесе шаралар құпия операциялар деп т ү с і н д і р і л е д і .

¹⁶ H. Born and I. Leigh, *Making Intelligence Accountable: Legal Standards and Best Practice for Oversight of Intelligence Activities*, (Oslo, Publishing House of the Parliament of Norway, 2005), p. 29.

2. Ақпарат жинау үшін ең төмен табалдырықтық критерийлері: «деректерді табу» проблемасы және олармен алмасу

32. Арнаулы қызметтердің «деректерді табу» әдістерін кең ауқымды пайдалану бірнеше көрсеткіштер бойынша әр түрлі дерекқорлардың салыстыруын болжайды, жеке басының тірлігіне ықтиярлы немесе заңсыз араласуына дейін баратын рұқсат етілген нысаналы қадағалаулар және даулы көпшілік тексерулер арасындағы шекті жырмалайды. Атап айтқанда, «деректерді табу» кезінде осындай әдісті қолданушы адам оның мүмкіндіктерін аңғара отырып сезікті іс-әрекеттердің ұғымын анықтауды кеңейте алатынына қарап «шамадан тыс кең басып алу» қауіптілігі туындайды (яғни ақпарат жинау нақты мақсаттарға қарағанда ол пайдалы болу негізінде жүргізіледі).

33. Осыған байланысты Арнайы баяндамашы нәсілдік/этникалық қалыпқа келтіру туралы мәселе бойынша өз ұсынымдарына қайта оралады¹⁷. «Деректерді жинауға» тап мұндай тыйым салынбаса да, ол пайдалануы кемсітпеушілік құқығын бүлдіруге әкелетін мұндай белгілері бойынша іздестіруді енгізбеу керек. Ғаламторға әр түрлі адамдармен орналастырылатын бейресми құжаттар негізінде пікірлерді іздестіру мен жалпылауды жүзеге асыратын компьютерлік бағдарламалардың «көңіл күйді талдаушы» көмегімен, Құрама Штаттарының, Канаданың, Қытайдың, Германияның, Израилдің Сингапур мен Тайваньның арнаулы қызметтері қолданатын терроршының сипаттама бағытын әзірлеу мақсатында деректерді табу әуе сапарларына, банк операцияларын

жасауға және әуежайларда немесе радиоактивті материалдарды пайдалану орындарында, мысалы ауруханаларда жұмысқа орналастыруға кедергі жасайтын бас бостандығынан айыру немесе «қара тізімге» енгізу мақсатында пайдаланылмау керек.

34. Қате жазып қойылған, дұрыс түсіндірілмеген немесе ескірген деректердің төмен сапасының жиі туындайтын проблемасына қосымша ретінде, оларды басқа дерекқорлармен салыстырып тексерсе¹⁹ кінәсіз адамдар террорлық қауіп көзі ретінде²⁰ қабылданатын себеп бойынша байыпты қамқөңіл туындайды. Жиналған деректердің мұндай әлеуетті кемшіліктері, әсіресе Солтүстік атлантикалық шарт ұйымы (ЖТҚҰ) немесе Шанхайлық ынтымақтастық ұйымы сияқты екі жақты және көп жақты келісімдер шеңберінде ұлттық деңгейде және халықаралық ауқымда арнаулы қызметтермен және құқық қорғау органдарымен жүзеге асыратын нақты адамдар туралы деректермен алмасуды кеңейту беталысына байланысты Арнайы баяндамашы м а з а с ы з д а н а д ы .

35. Ең жақсы тәжірибенің жалпы элементі ретінде Арнайы баяндамашы мүше мемлекеттерге Бас Ассамблеяның 45/95 қарарымен қабылданған²¹ «Жеке сипат деректері қамтылған Компьютерленген картотекаларды регламенттеудің жетекшілік принциптері» сияқты құжаттарда баяндалған деректерді қорғау базалық принциптері негізінде заңнама қабылдауды ұсынады. Бұл құжат келесі принциптен басталады: «Адамдарға қатысты деректерді жинау және өңдеу заңсыз немесе адалдықсыз әдістермен жүзеге асырылуы керек және осы деректер Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне қайшы келетін мақсаттарда пайдаланылмау керек»²². Мұнда барлық мүше мемлекеттердің адам құқықтарын көтермелеу және құрметтеу міндеттемесі жатады. Арнайы баяндамашы кез-келген дәлдік принципінен (2-бап), мақсаттан (3-бап) немесе қол жеткізуден (4-бап) ауытқуды шек қойып түсіндіру керектігін баса айтады. Арнайы баяндамашы ең алдымен мемлекеттерге бесінші принципке сәйкес (кемсітушілік шараларды қолданбау принципімен, 5-бап) «кемсітушілік шараларды заңсыз немесе ерікті қабылдау үшін негіз болатын деректерді, атап айтқанда нәсілдік немесе этникалық түп-тегі, тері түсі, жыныстық өмірі, саяси, діни, философиялық және басқа да пікірлер, сондай-ақ ұйымдарға немесе кәсіптік одақтарға жататындығы туралы деректерді жинауға жатпайтынын» ескертеді, себебі олар айырбастауға да жатпайды. Бесінші принциптен тартыну Адам құқықтары туралы халықаралық билліде және адам құқықтарын қорғау және кемсітушілікті ескерту саласындағы басқа да тиісті құжаттарда көзделген шегінде рұқсат етілуі мүмкін. Осы мәнмәтінде Арнайы баяндамашының Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы Шанхайлық конвенция шеңберінде Қытайдың, Ресейдің, Қазақстанның, Қырғызстан Республикасының, Тәжікстан және Өзбекстанның арнаулы қызметтері жүзеге асыратын деректермен және ақпаратпен алмасу қатты қамқөңіл шақырады. Осындай деректермен және ақпаратпен алмасуды

қандай да бір заттық қадағалау жүргізілмейді, бұл ретте осы қызметке адам құқықтары саласындағы кепілдіктер таратылмайды.

36. Арнайы баяндамашы арнаулы қызметтермен деректерді жолдау және алу және оларды кейіннен пайдалану тиісті билік органдары арасында жазбаша түрде жасасылған келісімдер негізінде реттелетін ең жақсы тәжірибеге сүйенеді²³. Ең жақсы тәжірибе элементтерінің бірі ретінде осы келісімдер мемлекетпен мұндай келісім жасасқанға дейін мінсіз нұсқада күрделі тексеруге шетелдік арнаулы қызметтерді тартатын қадағалау органдарына жолдануы мүмкін²⁴. Мұндай тексеру орналасқан жерлеріне іссапарларды және тиісті арнаулы қызмет қаншалықты адам құқықтарын сақтайтынын анықтау мақсатында жергілікті үкіметтік емес ұйымдармен кеңес жүргізуді қарастыра алады.

¹⁷ Сондай-ақ болжамдалатын «нәсілдік, этникалық түп-тегі, ұлттық тегі немесе тиісті тұлғаның діні» сияқты сипаттамалар енгізген терроршылардың сипаттамалық профилдеріне негізделген контртеррорлық іс-шараларды пайдалану туралы мәселе бойынша Арнайы баяндамашының жалпы ескертулерін қараңыз (A/HRC/4/26, 59-тармақ).

¹⁸ The Economist, 25 September 2008.

¹⁹ См. F. Bignami, «Towards a right to privacy in transnational intelligence networks», Michigan Journal of International Law, vol. 28, No. 3 (2007), p. 668.

²⁰ Мысалы, State of Denial «Халықаралық рақымшылық жасау» ұйымының құжатында Бишер Эр-Пауидің ісін қараңыз: Europe's Role in Rendition and Secret Detention, (London, Amnesty International Publications, 2008), p. 11.

²¹ Өңірлік деңгейге қарай сондай-ақ «Transfers of personal data to third countries: applying articles 25 and 26 of the EU data protection directive», 24 July 1998 Еуропа комиссиясының жеке деректерін өңдеу көзқарасынан Жеке адамдарды қорғау жөніндегі жұмыс тобының жұмыс құжатын қараңыз.
22 E / C N . 4 / 1 9 9 0 / 7 2 .

²³ Мысалы, 2002 жылғы Нидерландтардың қауіпсіздік және барлау қызметтері туралы Заңның, 36-бабының, 1 d), 40- тармағын, 1 және 42-тармақтарын қараңыз.

²⁴ Мысалы, Канаданың қауіпсіздік және барлау қызметтері туралы Заңның 17 (2)-бөлімін қараңыз.

2. Қамауға алуға, ұстау мен жауап алуға бейдәстүрлі өкілеттіктер

37. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғадан кейін кейбір елдердің үкіметтері терроризмнің бүгінгі қауіпсіздігінің төтенше сипаты арнаулы қызметтерге жауап алуға,

ұстауға және қамауға алуға жаңа өкілеттіктер беру қажеттігін сендіре отырып арнаулы қызметтер мен құқық қорғау органдарының өкілеттіктері арасында анық айырмашылық жоқ деп көндіре бастады. Арнаулы қызметтерге қамауға алуға, ұстауға және жауап алуға өкілеттіктер беру осы қызметтермен қамауға алу мен ұстауға қатысты барлық тиісті құқық қорғау нормаларын, сондай-ақ кәдемгі құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін ұлттық конституциялық және басқа да ережелерді сақтау шарты кезінде халықаралық құқықты бұзу болып табылмайды²⁵. Сонда да, Арнайы баяндамашы кейбір елдерде террорлық қауіпсіздікпен күрес және құқық қорғау органдарының арнаулы қызметтерге оны ескерту жөніндегі қызмет орталығының ауысуы демократтық қоғам үшін арнаулы операциялардың құпиялығын қамтамасыз етуге қойылатын заңдық талаптарды арттырудағы міндетті кепілдіктерді атап көрсету мақсатында әдейі жасаған фактіге мазасызданады²⁶. Ақырында мұндай өзгеріс – қылмыстық күнәлар туралы ақпараттарды жинау және мәліметтерді жинау арасындағы шектерді жырмалану шамасында – құқықтың басымдылығын бұзуға икемді²⁷. Бұл мемлекет әкімшілік тергеу барысында қылмыстық соттағы тергеу барысында орынды күдіктерді шақырмайтын күнә болуын дәлелдеуге тырысу үшін арнаулы қызметтердің агенттері жинаған ашылмайтын мәліметтерге артықшылық бере бастады. Арнаулы қызмет ақпараттарының шексіз шектеулігі тұрғысынан адамды бас бостандығынан айыруды көздейтін алдын алу шаралары айрықша осындай мәліметтерге негіз бола алмайды. Осы жағдайларда уақыттың белгілі кезеңі өткен соң тиісті адам оларға қарсы болу үшін олар нақты куәліктермен және дәлелдермен ауыстырылу тиіс. Егер де уақыттың белгілі кезеңі өткен соң осындай мәліметтер негізінде дәлелдерді ұсыну мүмкін болмаса немесе мемлекеттік органдардың билігіне кез-келген жаңа дәлелдер келіп түспесе тиісті алдын алу шаралардың күші жойылу керек.

38. Кейбір елдерде арнаулы қызметтер заң тәртібінде террорлық әрекет туралы ақпараты бар адамдарды қамау мен ұстауға өкілеттіктер алды²⁸. Ерекше жағдайларда, мәліметтер алу мақсатында адамдардан жауап алуды қоса алғанда, қоғамдық қауіпсіздіктің түсініктеріне мәжбүрлейтін алдын алу қорытындыны мұндай негіздерде және заңда белгіленген мұндай процедураларға сәйкес жүзеге асыру, ұстау себебін хабарлау және сот ұстау заңдылығы туралы қаулы шығару шартында бостандық құқығын орынды шектеу болып табылмайды²⁹. Ұстау ерікті сипатта болу керек³⁰, бұл ретте негізсіз ұстаған жағдайда өтемақы төлеу көзделу керек³¹. Тек қана мәліметтерді алу мақсатында немесе жалпы алдын алу шараларына сүйене отырып ұзақ уақыт күзетпен ұстау жағдайы Арнайы баяндамашының қамқөңілін шақырады. Мұндай жағдайлар ерікті бас бостандығынан айыруды білдіреді³². Ұзақ ұстауға негіздемесі болу фактісі тәуелсіз және әділ сотпен анықталу керек. Мұндай ұзақ күзетпен ұстау тиісті билікке қылмыс күнәсін жасауда күдіктердің негізділігін растау, егер орынды

болса, күдікті адамға айып тағу және оны сотқа беру міндеттемесін қояды. Шынында адамды «әкімшілік» ұстау – тек қана ақпараттар жинау мақсаты үшін - заңсыз болар еді

3 3

39. Арнайы баяндамашы арнаулы қызметтерде адамдарды қамауға алу және ұстауға өкілеттіктері болған жағдайлар жайында қатты мазасыздығын білдіреді, бірақ бұл ретте заңсыздыққа әкелетін мұндай іс-әрекеттерге тиімді сот қадағалау жоқ. Алжирде, мысалы, әскери барлау қызметі (ӘБК) басқа да елдерде әрекет ететін Алжирде немесе халықаралық террорлық ұйымдарда да әрекет ететін қарулы топтардың террорлық әрекет туралы ақпараты бар деп саналатын адамдарды ұстау мен жауап алуға мамандандырылады. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 12 және 16-бабында ӘБК осы қызметтерді прокурордың бақылауымен жүзеге асырылатыны көзделді. Бірақ шындығында ӘБК азаматтық тұлғалардың тарапынан қандай-да бір қадағалаусыз операцияларын жүзеге асыратыны хабарланады³⁴. Басқа жағдайларға қарағанда, қамауға алуды полиция немесе жандармерия қызметкерлері жүргізген жағдайда прокурорларды ӘБК жүргізген қамауға алулар туралы ескертпейді. Прокурорлар қысқа уақыт ұстау үшін пайдаланылатын медициналық тексеруге, казармаға баруға немесе ӘБК ұсталған адамдарды қамауға алу, жауап алу және босатуға байланысты құжаттамаларды тексеруге қатысты айрықша қызыреттеріне сүйенбейді. Арнайы баяндамашы мұндай жағдайлар адамдарды ерікті ұстау немесе оған азаптаулар немесе басқа да адамгершілікке жатпайтын қарау түрлерін қолдану қауіп-қатерін едәуір арттыратынына мазасызданады.

40. Арнайы баяндамашы, мысалы, Мароккода³⁵, Иордания³⁶ мен Пәкістанда болған жағдайға қатты мазасызданады, онда контртеррорлық операциялар мен тергеулер жүргізген кезде арнаулы қызметтердің ұстау және жауап алуға өкілеттіктері заңнамада айқын негізделмеген³⁷. Ішкі заңнамада айқын көрсетілмеген негіздер бойынша адамдарды қамауға алу және ұстау Азаматтық және саяси туралы халықаралық пактінің 9-бабының 1-тармағын бұзу болып табылады. Мұндай құқықтық негіз болмаған жағдайларда «байланыстар кесіріне» ғана негізделген болжамдардың біріне ғана сүйене отырып арнаулы қызметтермен адамдарды қамауға алу қауіптілігі бар.

41. Арнайы баяндамашы 2001 жылғы қыркүйек айынан кейін жеке мердігерлерге мәліметтерді жинау жөніндегі қызметтерді табыстау беталысы бақыланатынын атап көрсетеді³⁸. Дегенмен жеке субъектілерді тарту тиісті ақпаратқа рұқсат алу үшін (мысалы, электрондық қадағалау мақсаты үшін) техникалық көзқарастан қажет болатын болса бас бостандығынан айырылған адамдардан жауап алу үшін мердігерлерді пайдалануда қауіптілік негізі бар³⁹. Тиісті дайындығы болмау, адам құқықтары лаңтуғызатын жағдайлардағы қаржылық мүдделілігі және мұндай мердігерлерді сот және парламенттік органдары жауапқа тартудың көбінесе төмен ықтималдығы сияқты факторлардың үйлесуі өміріне және дене бітіміне қол сұғылмаушылыққа немесе

адамдардың бостандығына әсер ететін мәліметтерді жинау жөніндегі қызмет түрлері тек қана мемлекеттің қызмет саласында қалу керектігі туралы тұжырымды растайды. Бірақ, мемлекет сонда да оған жеке әскери және күзет компанияларын тарту шешімін қабылдаса ең кем дегенде әскери жанжалдардың қиын жағдайларында да сақтау үшін әзірленген әскери жанжалдар аумағында әрекет ететін⁴⁰ жеке әскери және күзет компанияларына қатысты мемлекеттердің тиісті халықаралық-құқықтық міндеттемелері және тиісті тәжірибелік әдістері туралы «МонтрҰ Құжатының» ережелерін сақтаулары керек.

²⁵ Қараң., мысалы, *Ocalan v Turkey*, ECHR, 12 March 2003, para. 106.

²⁶ Қараң., мысалы, келіссөздерді бақылауға және жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеруге қолданылатын өкілеттіктерден қорғаудың құқықтық кепілдік тәртібі бір уақытта нашарлау кезінде арнаулы қызметтерге милицияның кәдемі қызметтерін табыстауды көздейтін «Терроризмге қарсы әрекет жасау туралы» Ресейдің 2006 жылғы 6 наурыздағы Заңы.

²⁷ 1970 жылдары Құрама Штаттары сенатының Черча комитеті «Final Report of the Select Committee to Study Governmental Operations with Respect to Intelligence Activities», United States Senate, 94th Congress, 1976 баяндамасында баяндаған сыртқы барлау құралдарын тарта отырып жүзеге асырылатын ұлттық қауіпсіздік мүдделеріндегі құқық қорғау органдарының қызметі және тергеу қызметі арасындағы шектердің жармалануын көрсетті.

²⁸ Сондай-ақ Арнайы баяндамашының Австралиядағы міндетті тыңдаулары туралы мәселесі бойынша өткен ескертулерін қараңыз (A/HRC/4/26/Add.3, 31-32 және 46-47-тармақтары).

²⁹ Адам құқықтары жөніндегі комитет, 9-бап бойынша № 8 (1982 жыл) жалпы тәртіптегі ескерту (Бостандық және жеке қол сұғылмаушылық құқығы), 4-тармақ.

³⁰ Сондай-ақ ECHR, *Fox, Campbell and Hartley v the United Kingdom*, 30 August 1990, para. 32 қараңыз.

³¹ Мысалы, *Inter-American Court of Human Rights*, report No. 2/97, OEA/Ser.L/V/II.95 Doc. 7 rev. (1997), para. 12 қараңыз.

³² Сондай-ақ Арнайы баяндамашының Гуантанамо-Бейдегі ережелер туралы ескертулерін қараңыз (A/HRC/6/17/Add.3, 13-14-тармақ).

³³ Мысалы, *Brogan and Others v the United Kingdom*, ECHR, 19 November 1988, para. 53; *Murray v the United Kingdom*, ECHR, 28 October 1994, para. 67 қараңыз.

³⁴ Терроризм, терроризммен күрес және адам құқықтары мәселелері жөніндегі белгілі заңгерлер тобы, қайтарылатын баяндама, IV-тарау, 2.2.2-бөлім.

³⁵ Alkarama for Human Rights, Contribution dans le cadre de l'examen periodique universel de Maroc, 2007, pp.2-4; Amnesty International, Morocco, submission to the Universal Periodic Review, 2007, p.5 қараңыз.

³⁶ Human Rights Watch, Suspicious Sweeps - The General Intelligence Department and Jordan's Rule of Law Problem, (2006), vol. 18, No. 6(E), pp. 11-17.

³⁷ Терроризм, терроризммен күрес және адам құқықтары мәселелері жөніндегі белгілі заңгерлер тобы, қайтарылатын баяндама, IV-тарау, 2.2.2-бөлім.

³⁸ Жалпы қазіргі таңда Құрама Штаттарында мәліметтерді жинау қызметі 70%-ға жеке субъектілермен жүзеге асырылады. S. Chesterman, «We can't spy. if we can't buy!»: the privatization of intelligence and the limits of outsourcing 'inherently governmental functions'», New York University Public Law and Legal Theory Working Papers, No. 82, 2008, p. 2 қараңыз.

³⁹ Мысалы, United States v Passaro, (No. 5:04-CR-211-1, United States District Court for the Eastern District of North Carolina, 17 June, 2004) қараңыз. См. Сондай-ақ мердігер-фирмалар сумен азаптауды пайдалана отырып «мемлекеттік органдардың басшылығымен және бақылауымен» ОББ құпия объектілерінде ұсталған адамдардан жауап алғанын растаған Орталық барлау басқармасының директоры Майкл Хейденнің өтінішін қараңыз (Hearing of the United States Senate Select Committee on Intelligence, Annual Worldwide Threat Assessment, 5 February 2008, p.26.

⁴⁰ A/63/467-S/2008/636.

4. Арнаулы қызметтердің ісін қадағалау және бақылау тетіктері

42. Жиналған мәліметтерді негізгі алушысы болған атқарушы билік органдары арнаулы қызметтердің ісін нақты бақылау және оны басқару керек. Тиісті нұсқауларды жеке адамдарға қатысты арнаулы қызметтер үшін рұқсат етілген және тыйым салынған шараларын толық сипаттауды қоса алғанда жазбаша түрде⁴¹ баяндау қажет. Осы жағдайда арнаулы қызметтердің қызметін қадағалау мен бақылауды қамтамасыз ету ғана емес сондай-ақ ықтимал бұзушылықтары үшін жауапкершіліктен бас тартпау үшін басшының атынан сыпайы бас тарту⁴² деп аталғанға жағдайлар жасауға жол бермеу. Осы мәнмәтінде Арнайы баяндамашы құпия операцияларды жүргізуге рұқсат беру кезінде адам құқықтары саласындағы мемлекеттің міндеттемелерін тек құқықтық және моральдық нормаларды сақтау мақсатында ғана емес сондай-ақ мәліметтерді жинау бойынша қызметі мүдделерінде де ескеру қажет⁴³.

43. Арнаулы қызметтерге өлтіру жасауға, ұрлауға немесе терроризмге күдікті адамдарды ерікті ұстауға рұқсат беру мәліметтерде терроризмді ескерту тәсілдерінде негізделетін заңды болып саналмайды. Ұқсас түрде құпия орталықтарында қымбат ұсталған адамдарды қамауға алу және күзетпен ұстауға өкілеттіліктер беру және

ақпарат алу мақсатында⁴⁴ «жауап алудың жетілдірілген әдістерін» пайдалану түрінде күдікті адамдарға адамгершілікке жатпайтын және адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарауларын мақұлдау тікелей халықаралық құқықты бұзу болып табылады. Осыған байланысты Арнайы баяндамашы кейбір елдердің қылмыстық құқығындағы «аса қажеттілікке сүйене отырып қорғау» ұғымы саясат негізіне қолданылмайтынын немесе тыйым салынған жауап алу әдістерін пайдалану үшін– «тықылдақ бомбасы» деп аталатын жағдайларда да⁴⁵ ex ante негіз бола алмайтынын баса айтады.

44. Кейбір мемлекеттерде тұрақты негізде тәуелсіз құрылымдар, мысалы арнаулы қызметтер қаншалықты міндеттемелерін орындайтынын тексеретін жарғылар немесе әкімшілік ережелер негізінде жұмыс істейтін бас инспектораттар, сот комиссиялары немесе тексеруші органдар құрылды. Осы құрылымдар жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік туғызатын атқарушы билік органдарының мәліметіне ықтимал проблемалар туралы ақпаратты жеткізетін ерте ескертудің алдын алу тетіктері ретінде шыға алады. Осы мекемелерге ең кем дегенде әрбір алты айда арнаулы қызметтерде болып жатқан өзгерістер және олармен жүзеге асырылған іс-шаралар туралы тиісті атқарушы билік органдарын ақпараттандыру міндеттемесі жүктелуі мүмкін. Осы міндеттемені тиісті орындау мақсатында мұндай мекемелер мысалы Канадада⁴⁶, Оңтүстік Африкада⁴⁷ және Еуропаның әр түрлі елдерінде орны бар арнаулы қызметтердің барлық құжаттамаларына, үй-жайларына және қызметкерлеріне шектеусіз мүмкіндіктері болу керек. Мамандандырылған органдармен жүзеге асырылатын үздіксіз бақылаудың кәдемгі қадағалау органдарының бір жолғы тергеулері алдында анық басымдылығы бар⁴⁸. Қадағалау жөніндегі тікелей қызмет деректер жинау мәселелерінде атқарушы билік және оның мекемелері кең жұртшылық алдында жауап беру үшін өзінің дәстүрлі дегеніне жету рөлін орындайтын ұлттық парламенттің айрықша құзыреті болып табылады. Практикалық жоспарда қабылдауы елдің конституциясы мен құқық дәстүріне байланысты әртүрлі қызметтерімен түрлі парламенттік қадағалау органдарының болуын атап көрсету керек.

45. Арнайы баяндамашы осы салада барлық жағдайларға келетін ең жақсы мысал келтіру қиын екенін түсінеді, Норвегиядағы парламенттік бақылау жүйесі кем дегенде ең жақсы практиканың жеке элементтерін қамтиды, себебі ол тікелей адам құқықтарын қорғауға, атап айтқанда «кез-келген адамға қатысты заңның барлық бұзушылық жағдайларын айқындау мен ескертуге» және тиісті іс-шаралар жарғы құқықтары, әкімшілік немесе әскери органдардың директивалары және кәдемгі құқықтар шеңберіне кірмеуін қамтамасыз етуге» бағытталды⁴⁹. Одан әрі, парламенттік қадағалау комитетінің құрамына оларды парламент тағайындайтын, саяси партияның өкілі болып саналмайтын жеті мүше кіреді. Сонымен, комитет әртүрлі партиялармен саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылмайды, бұл ретте оған кіретін сарапшылардың жоғары кәсіпқорлығын және адалдығын қамтамасыз етеді. Комитет

мүшелеріне құпия ақпаратқа рұқсаты бар құрамында үш заңгер және хатшысы бар хатшылық жәрдемдеседі. Оның мүшелері міндеттемелерінің орындалуына байланысты барлық мәселелер жөніндегі мәліметтерді комитетке ұсынуға көндіре алады. Өз қызметінде комитет мүшелері барлық атқарушы билік органдары және арнаулы қызметтердің мұрағаттары мен қоймаларына, үй-жайлары мен нысандарына кіру р ұ қ с а т ы б а р .

46. Қадағалау органдарына арнаулы қызметтер ісінің бір бағытын тексеруді ғана тапсырғанда бірыңғай тәсілдеме болмаған жағдайда олармен сектораралық проблемаларды айқындамау қауіптілігі бар. Осыған қарай, тақырыптық мандат берілген қадағалау органдары қызметтердің өскелең жақындасуына, ынтымақтастық мүмкіндіктерін кеңейтуге және әр түрлі мемлекеттік мекемелердің қызметіне қатысты ақпаратпен алмасуға байланысты мәселелерді зерттеу үшін жақсы дайындалды. Норвегиялық қадағалау органына, мысалы, бақылаумен немесе мемлекеттік әкімшіліктің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатын мәліметтер жинау, қауіпсіздікті байқау және қамтамасыз ету бойынша барлық қызмет көрсетулерді» тексеру тапсырылды⁵⁰.

⁴¹ Қараң., мысалы, 1995 жылғы Ұлттық қауіпсіздік туралы СХХV Заңы, Венгрия, 11-бөлім; 2002 жылғы Нидерландтың Қауіпсіздік және барлау қызметтері туралы Заңы, 19-бап; 1984 жылғы Канаданың Қауіпсіздік және барлау қызметтері туралы Заңы, 7 (1) ж ә н е (2) - б ө л і м .

⁴² «Сыпайы бас тарту» үшін жағдай құрумен басшыға адам құқықтарын бұзу фактісін жағдайда жауапкершіліктен бұлтаруға мүмкіндік беретін жеткілікті айқын емес және формалды емес болып табылатын әлеуетті құрылымдарды және бағыну тізбектерін әйгілі қалыптастыру деп түсініледі.

⁴³ Қараң., мысалы, Құрама Штаттарында күзетпен ұсталған адамдарға қарау жағдайларын Құрама Штаттары сенатының Қарулы күштер жөніндегі комитеттің тергеуі, 2008 жылғы 12 желтоқсандағы құжат, хii бет ағылшынша мәтіні: «Құрама Штаттары үкіметінің аға лауазымды тұлғалары әдістерді жария ету және ұсталған адамдарға қатысты оларды пайдалануға рұқсат беру үшін қандай жағдайларда мәжбүрлеудің дене әдістерін қолданды, заңды өзгерткен туралы ақпаратты сұратқаны анықталды. Осы әрекеттер нақты мәліметтер жинау қабілетімізге зиян шекті, оның көмегімен адамдардың өмірін сақтап қалуға болар еді, дұшпанның қолына тап болды және моральдық беделімізді түсірді».

⁴⁴ J. Warrick, «CIA tactics endorsed in secret memos», Washington Post, 15 October 2008

⁴⁶ 1984 жылғы Канаданың Қауіпсіздік және барлау қызметтері туралы Заңы, 31 (1) ж ә н е (2) - б ө л і м .

⁴⁷ Оңтүстік Африканың Барлау қызметтерінің әрекетін қадағалау туралы 1994 жылғы № 40 Заңы, 7 (8) (а)-бөлім.

⁴⁸ Сондай-ақ қауіпсіздік қызметтерінің ісін демократтық қадағалауға арналған «Заң арқылы демократия» атты Еуропа комиссиясының баяндамасы (Венециялық комиссия), CDL-AD(2007)016, параг. 142 қараңыз.

⁴⁹ Мәліметтер жинау, байқау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметті бақылау туралы Заң, 1995 жылғы, 2-бөлім.

⁵⁰ Сол жерде, 1-бөлім.

В. Арнаулы қызметтердің ынтымақтастығы

47. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғалардан кейін тиісті шабуылдарға дайындық Шығыс Еуропада да жүргені және оған қатысы болған кейбір терроршылар бақылауда, атап айтқанда Германия мен Францияның арнаулы қызметтерінің бақылауында болғаны анықталды, өте тиімді және үйлестірілген ынтымақтастықты орнату идеясының қадірі артты⁵¹. Мәліметтер алмасудан алған пайдалар әбден анық: мемлекеттің бірде бірі барлық ақпаратқа ие болуға мүмкіндік беретін, ұлттық қауіпсіздік саласында мүдделеріне әлеуетті қатысы бар «көреген көзбен» иеленбейді.

48. Мұндай толық заңды ынтымақтастық жауапкершілік көзқарасынан көбінесе проблема туғызады. Бұл негізінде жауапкершілікті ұлттық тетіктермен қамтамасыз ету ұлттық қызметтердің әрекетіне ғана негізделді, себебі олардың мандаты үшінші тараптармен қызметтерінің ынтымақтастығына таралмайды. Оларға осындай ынтымақтастықты тексеру тапсырылғанда өте шектеулі сипатта болады. Басқа жағынан, аса құпиялы ақпаратпен алмасу туралы көптеген келісімдердің негізіндегі екі негізгі тұжырымдаманың, атап айтқанда «қызмет бабындағы қажеттілік» принципі (мәліметтерді тарату кезінде)⁵² және жөнелтуші жағынан бақылау принципі⁵³ болуы көптеген елдер, оның ішінде азаптауларға қарсы шығатын либералдық демократтық тәртіптер халықаралық қылмыстарға қатысы болу ықтималдығын арттырады. Шетел қызметтерімен ынтымақтастық қатынасын сақтауға тырыса отырып (әсіресе өте ірі) арнаулы қызметтер қандай да бір ақпарат қалай алынғанына қатысты түсінік сұрату немесе олармен ұсынылған ақпарат адам құқықтарын бұзуға әкелетін түрлерге пайдаланылмауын көндіруге мүдделі емес. Сонымен қатар ұлттық қадағалау органдары шетелдік арнаулы қызмет тиісті ақпаратқа берілген шарттарды сақтауын қадағалауға көбінесе мүмкіншілігі жоқ.

49. Арнаулы қызметтердің ынтымақтастығы көбінесе көп тарапты ұйымдар, мысалы ЖТҚҰ немесе Шанхайлық ынтымақтастық ұйымы шеңберінде жүзеге

асрылады. Арнайы баяндамашы осы көп тарапты келісімдер шеңберінде мемлекеттермен жүргізілетін құпиялық саясат және ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету адам құқықтарының бұзушылықтарын тергеу үшін жеңілмейтін кедергі жасайды. Сонымен, Еуропа Кеңесінің Парламенттік ассамблеясының Адам құқықтары мәселелері және адам құқықтары жөніндегі комитеттің баяндамасында (баяндамашы Дик Марти) 2001 жылғы 4 қазанда келісілген ЖТҚҰ «икемді» рұқсат берулері негізінде төтенше беру процедуралары шеңберінде астыртын ұстау және ұсталған адамдарды әуе тасымалдауды қоса алғанда Орталық барлау басқармасының (ОББ) құпия операцияларын жүргізу үшін ұшып өту, порттарға соғуы мен әскери базаларды пайдаланудың шектелмеген құқықтарын көздеген екі жақты (құпиялы) келісімдер әзірлегені туралы сенімді ақпарат қамтылды⁵⁴. Шанхайлық ынтымақтастық ұйымына қатысты болсақ, онда оның шеңберінде құпия қызметтердің өзара әрекеті қандай да бір қадағалаусыз жүзеге асырылады. Осы немесе өзге де қызмет басқа қызметтің «жәрдемдесуін» сұратады, өтінімді алғаннан кейін тиісті мемлекет тез және мүмкіншілігіне қарай сұрау сауалын толық орындауды қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шаралар қабылдайды»⁵⁶. Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы Шанхай конвенциясы 11-бабының 4-тармағына сәйкес басқа қызметке жәрдемдесу үшін пайдаланылатын әдістер туралы мәліметтер «жариялауға жатпайды».

50. Арнаулы қызметтердің ынтымақтастығындағы бақылаусыздықты жеңу мүддесінде қадағалау бойынша ұлттық органдардың өзара әрекетін кеңейту керек. Осы салада ұсынылған бастамалар, мысалы екі жылда бір рет арнаулы қызметтердің ісін бақылау жөніндегі мекемелердің халықаралық конференцияларын және ЕО мүше елдері мен кандидат елдерінің арнаулы қызметтерінің ісін бақылау жөніндегі парламенттік комитеттердің мәжілістерін өткізу дұрыс бағыттағы бірінші өте маңызды қадам болды. Бірақ олар өте тұрақсыз шақырылады және құрамында әзірше мемлекеттердің шектеулі саны бар. Арнайы баяндамашы мүше мемлекеттердегі қадағалау жөніндегі қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін заңнама, құқықтану саласындағы озық практикалық әдістер туралы және осы саладағы жалпы өзгерістер туралы ақпаратпен алмасу үшін арнаулы қызметтердің ісін қадағалау жөніндегі органдардың тұрақты (парламенттік) құрылымын құру туралы Бельгияның I Тұрақты комитеті ұсынған идеясын қолдайды⁵⁷. Мұндай жүйені тергеулер жүргізу және ақпаратпен алмасу – өз алдында «бірлескен қадағалау» саласындағы ынтымақтастық негізінде ұйымдастыруға мүмкіндік бере отырып жедел мәселелерге де таратуға болар еді⁵⁸.

1. Бірлескен операциялары

51. Құрама Штаттармен адамдарды төтенше беру, ұзақ уақыт жасырын ұстау және азаптауларға және басқа да қатал қарау түрлеріне қатысты тыйым салуды бұзатын әдістерді пайдаланудың кешенді жүйесі құрылған фактісіне Арнайы баяндамашы қатты мазасызданады. Осы жүйе қызмет ету үшін ақпаратпен алмасудың халықаралық желісін талап етті және оны құру арнаулы қызметтердің ынтымақтастығы шеңберінде терроризммен соғыс бойынша серіктестіктеріне жүйелі түрде беретін, мұндай ақпаратты пайдаланатын мемлекеттердің құқықтық және институционалдық жүйелерінің негіз болатын мәдениетін бұза отырып бұрмаланған ақпараттың толық кешені пайда болуына әкелді.

52. Осы жүйе Құрама Штаттарымен әзірленіп құрылғанына қарамастан бұл көптеген басқа да мемлекеттермен ынтымақтасудың арқасында ғана мүмкін болды. Қалай болғанда да 2007 жылғы мамыр айына дейін бірнеше мемлекеттер әр түрлі тәсілдермен адамдарды төтенше беруге жәрдемдескендер туралы қайшылықсыз және сенімге тұрарлық мәліметтер бар. Босния және Герцеговина, бұрынғы югославия Республикасының Македониясы, Грузия, Индонезия, Канада, Кения, Пәкістан, Біріккен Великобритания Корольдігі және Солтүстік Ирландия және Хорватия сияқты мемлекеттер мәліметтер ұсынды немесе адамдардың бастапқы ұстауын жүзеге асырды, кейін Ауғанстанда, Египетте, Иорданияда, Йеменде, Мароккода, Пәкістанда, Сауд Аравиясында, Сирияда, Таиландта, Өзбекстанда, Эфиопияда ұсталған адамдарға арналған (жиі құпия) орталықтарға немесе Басқарманың «құпия объектілері» ретінде белгілі ОББ ұстаған адамдарға арналған құпия орталықтарының біріне жіберілді. Көптеген жағдайларда мемлекеттерді қабылдайтын органдардың қызметкерлері хабарламалар бойынша осы ұсталған адамдарға азаптауларды және басқа да қатал қарау түрлерін қолданды.

53. Арнайы баяндамашы мемлекеттерге адам құқықтарын бұзуды қоса алғанда халықаралық-құқыққа қарсы әрекеттерге саналы қатысқаны, көмек көрсеткені немесе жәрдемдескені үшін жауапкершіліктер туралы ескертеді⁵⁷. Осыған сәйкес, мемлекеттер азаптау, мәжбүрлі жоғалып кету немесе ерікті ұстау сияқты адам құқықтарының байыпты бұзушылықтарын жасаған жағдайда басқа мемлекеттер олармен ынтымақтығын, оның ішінде арнаулы қызмет желісі бойынша айтарлықтай шектеу керек. Халықаралық құқықтың абсолюттік және императивтік нормасы азаптауларға тыйым салу болып табылады⁶⁰. Мемлекеттер азаптау әрекеттерін жасауға көмектеспеу немесе жәрдемдеспеу немесе заңдық ретінде, оның ішінде азаптаулар нәтижесінде алған мәліметтерді пайдалану жолымен мұндай практикалық іс-әрекеттерді танымау керек⁶¹. Мемлекеттер мұндай мәліметтерді арнаулы қызметтермен пайдалануына жол бермеу кепілдіктерін қарастыру керек⁶².

⁵¹ Қауіпсіздік Кеңесінің 1373 (2001), 3-тармақ а) және б) және 1465 (2003), 3-тармақ

Қарарлары; Терроризммен күрес жөніндегі ЕО Декларациясы, 2004 жыл, 9-тармақ; Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері Қауымдастығының Терроризммен күрес туралы конвенциясы (АСЕАН), 2007 жыл, VI-бап h).

⁵² «Қызмет бабындағы қажеттілік» принципі адамдар жұмысы үшін ақпарат қажет болған жағдайларда ғана қызметтік ақпаратқа қол жеткізеді және де қол жеткізу «тек қана тиісті тұлға жоғары болса да қандай да бір лауазымына» қарай ұсынылмау керек, ЖТҚҰ қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитет, A Short Guide to the Handling of Classified Information (Brussels, Nato Archives, August 22, 1958, AC/35-WP/14), цит. по A.S. Roberts, «Entangling alliances: Nato's security policy and the entrenchment of State secrecy», Cornell International Law Journal, vol. 36, No.2 (2003), p. 337.

⁵³ «Жөнелтуші тарапынан бақылау» принципіне сәйкес, сондай-ақ «үшінші тарап ережесі» деп аталатын, арнаулы қызметтер осы ақпаратта да, оның шығу көзі де оны ұсынған жағынан алдын ала келісімісіз жарияланбайды.

⁵⁴ Secret detentions and illegal transfers of detainees involving Council of Europe member states: second report, explanatory memorandum, Committee on Legal Affairs and Human Rights, Council of Europe Parliamentary Assembly, June 2007, paras. 11, 39 and 105.

⁵⁵ Мемлекет сұратылған жәрдемдесудің «мазмұнын» сипаттау ғана керек (Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы Шанхай конвенциясы (8-бап, 3-тармақ). Мұндай жәрдемдесу жауап алуды, адамдарды ұстау мен экстрадицияны енгізе алады.

5 6 С о л ж е р д е , 9 - б а п .

⁵⁷ Осындай ынтымақтастықтың тағы бір үлгісі еуропалық мемлекеттердегі полиция қызметін бақылау жөніндегі органдардың мерзімді кеңестері болады.

⁵⁸ H. Born, «International intelligence cooperation: the need for networking accountability» , D C A F , 2 0 0 7 .

⁵⁹ Бас Ассамблеяның 56/83 Қарары, қосымша, «Халықаралық-құқыққа қайшы әрекеттерге мемлекеттердің жауапкершілігі», 4 және 16-бап. Сондай-ақ «Халықаралық құқық комиссиясының әржылдығы, 2001 жыл,» II-том, екінші бөлім, 76-бет қараңыз: «Ұқсас жағдайда жәрдемдесуші мемлекет қандай өз мінез-құлығымен халықаралық-құқыққа қайшы әрекетке ұрындырған немесе оны жасауға ықпал еткен шамада ғана жауапкершілікке тартылады».16-бап кәдемгі халықаралық құқық нормасын көрсетеді. Қараң. Халықаралық Сот (ХС), «Application of the Convention on the Prevention and Punishment of the Crime of Genocide (Bosnia and Herzegovina v. Serbia and Montenegro)», Judgement of 26 February 2007, para. 420.

⁶⁰ Азаптаулардан қорғау міндеттемесі және олар үшін жазалау erga omnes міндеттемесі, яғни барлық мемлекеттерге қатысты міндеттемесі болып табылады. Қараң. Бұрынғы Югославия бойынша халықаралық қылмыстық трибунал (БЮХТ),

Prosecutor v Furundzija (Case No. IT-95-17/1-T 1988); Barcelona Traction, Light and Power Company, Limited (Belgium v Spain), ICJ reports 1970.

⁶¹ Бас Ассамблеяның 56/83 Қарары, қосымша, Халықаралық құқыққа қайшы әрекеттер үшін мемлекеттердің жауапкершілігі туралы халықаралық құқық комиссиясы баптарының жобалары, 40 және 41-бап.

⁶² Судья Ньюбергер айтқандай, «... азаптау нәтижелерін пайдалана отырып, демократтық мемлекет, террорлық әдістерді пайдалана отырып олармен күресін нашарлатады, ашық демократтық қоғамның жоғары моральдық тұрақтылығын бұза отырып». Lord Justice Neuberger (dissenting) in «A and Ors v Secretary of State for the Home Department», [2004] EWCA Civ 1123 (11 August 2004), para. 497.

2. Жауап алуларға қатысу

54. Арнайы баяндамашы адам құқықтары саласында халықаралық нормаларды бұзатын жағдайларда ұсталатын адамдардан жауап алуларға шетелдік агенттердің қатысуына мазасызданады. Кейбір елдердің үкіметтерімен жүргізілетін арнаулы қызметтердің қызметкерлері және құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасындағы айырмашылықтың айтарлықтай маңызы жоқ, себебі тергеушілерді жіберу ⁶³ немесе сұрақтар беру ⁶⁴ немесе құқығы бұзылған ⁶⁵ жерде ұсталатын адаммен әңгіме жүргізу кезінде арнаулы қызметтер қызметкерлерінің жай қатысуы жолымен белсенді қатысуды мұндай әдістерді ⁶⁶ іс жүзінде пайдалануға потворствующими әрекеттер деп толық санауға болады. Шетелдік лауазымды тұлғаларды бірнеше рет тарту және олардың қатысуы кейбір жағдайларда мұндай қызметті көтермелеу немесе қолдау ретінде қабылданды ⁶⁷. Арнайы баяндамашының пікірінше, қабылдаушы мемлекет халықаралық-құқыққа қайшы құралдарды пайдалана отырып алған арнаулы қызметтердің мәліметтеріне сұрату жасаудың бейтарап және дистанциялық түрлерін қолдану жағдайда да жауапкершілікке тартылады. Осыған қарай Арнайы баяндамашы басқа мемлекеттің өкілдерімен ұйымдастырылған адамдардан жауап алуда мемлекет өкілдерінің белсенді немесе бейтарап қатысуы егер мемлекет тиісті тұлғаға қатысты, азаптаулардың ⁶⁸ немесе ерікті ұстауды қоса алғанда ⁶⁹ басқа да тыйым салынған қарау түрлерінің нақты қауіп-қатері болғанын білген немесе білуі керек болған жағдайда халықаралық-құқыққа қайшы әрекет болып табылады.

⁶³ Австралиялық, британдық және американдық арнаулы қызметтердің қызметкерлері азаптауларға тартылған «жасырын пәтерлерде» деп аталатын Пәкістанның ИСИ бақылауымен хаталмасу және әңгімелесу құқығынан айырылып қамаудағы ұсталған адамдармен жеке әңгімелескендері туралы мәліметтер бар. Көптеген елдер (Бахрейн, Германия, Иордания, Испания, Италия, Канада, Қытай,

Ливия, Марокко, Пәкістан, Сауд Аравиясы, Біріккен Корольдігі, Тәжікстан, Тунис, Турция, Өзбекстан және Франция) сондай-ақ Гуантанамо-бейдегі базаға тергеушілерді жіберді (қараң, Конституцилық құқықтарды қорғау жөніндегі орталық, «Foreign interrogators in Guantanamo Bay», мекенжайы бойынша бар: <http://cciiustice.org/files/Foreign%20Interrogators%20in%20Guantanamo%20Bay> 1.pdf).

⁶⁴ Германия мен Канаданың арнаулы қызметтері Сириялық әскери барлауға Мухаммед Замар мен Абдулы Альмальктің істері бойынша сұрақтар ұсынды. Осыдан кейін Сирияда күзетпен ұсталғанның екі де азаптауларға тартылды. Қараң. «Халықаралық рақымшылық ету» ұйымы, United States of America: Below the radar - Secret flights to torture and 'disappearance', 5 April 2006, pp. 18-19; Internal Inquiry into the Actions of Canadian Officials in Relation to Abdullah Almalki, Ahmed Abou-Elmaati and Muayyed Nureddin, 2008, p. 411.

⁶⁵ Сонымен, Біріккен Корольдігінің арнаулы қызметтерінің қызметкерлері Ауғанстанда, Гуантанамо-бейдегі базада және Ирақта 2 000 астам әңгімелесу жүргізді немесе жүргізуге қатысты. Қараң. Intelligence and Security Committee, The Handling of Detainees by UK Intelligence Personnel in Afghanistan, Guantanamo Bay and Iraq, 2005, p a g e . 1 1 0 .

⁶⁶ Жоғарыда 61-сілтемені қараңыз.

⁶⁷ Бірінші кезекте ол шетел агенттерінің өтінімі бойынша және келісімімен адамдарды күзетпен қамауда ұстау жағдайларына жатады, Пәкістанда оның орны бар. Ұқсас түрде Арап ісі бойынша тергеу шеңберінде сириялық СВР арнаулы қызметтерімен байланысқа түсу үшін тергеушілер тобын жіберу туралы мәселені қарау ө т е да у л ы б о л ы п т ұ р .

⁶⁸ Қараң., ұқсас бойынша, ICTY Furundzija Appeal Judgement (21 July 2000), para. 115 -120 және Бас Ассамблеяның 56/83 қарарын, қосымша, Халықаралық құқыққа қайшы әрекеттер үшін мемлекеттердің жауапкершілігі туралы халықаралық құқық комиссиясы баптарының жобалары, 40 және 41-бап.

⁶⁹ Сондай-ақ Қандай да бір түрде ұстауға немесе қамауға тартылған барлық адамдарды қорғаудың принциптер жинағын, 21-принципін, 1-тармағын қараңыз.

3. Жедел пайдалану үшін мәліметтерді жөнелту және алу

55. Арнайы баяндамашы адам құқықтарын бұзу барысында тиісті адамдар азаптауларға тартылатын жауап алулар өткізуге белсенді қатысу ғана емес мәжбүрлі ұстау шарттарын жанама пайдалану болып табылатынын баса айтады. Азаптауларды және басқа да адамгершілікке жатпайтын қарау немесе ерікті ұстау түрлерін қолдану нәтижесінде алған мәліметтерді жібергенін білетін немесе білуі керек немесе осындай ақпаратқа сұрату жасаған немесе оны пайдалануды саясатының бір бөлігі ететін

мемлекеттер адам құқықтарының тиісті бұзушыларына қатысушы болып табылады⁷⁰. Арнайы баяндамашы басқа елде азаптаулар нәтижесінде алған ақпаратты пайдалану егер мұндай мәліметтер тек қана жедел мақсаттарында жиналса да мұндай практиканы «заңдылықты тану» деп сөзсіз түсінеді, осыған қарай мемлекеттердің жауапкершілік принциптерін қолдану қажет⁷¹. Сонымен, азаптауларды немесе адамгершілікке жатпайтын немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарауды қолдану нәтижесінде алған ақпаратты пайдаланатын мемлекеттер халықаралық-құқыққа қайшы әрекеттер жасауға қатысушылар болып табылады. Мұндай қатысу сондай-ақ мемлекеттердің erga omnes міндеттемесімен азаптауларды жою ісінде қызмет ету үйлесімсіз.

56. Мемлекеттер сондай-ақ практикада ақпарат қандай жағдайларда алынғанын анықтау қиын екенін айтады. Әдетте мәліметтер өңделмеген ақпарат түрінде емес «ақырғы өнім» түрінде беріледі. Арнайы баяндамашы қолайлығы үшін жасалатынына көнсе де ол арнаулы қызметтер осы практиканы халықаралық құқықты бұзуда жиналған ақпаратты пайдаланғаны үшін жауапкершіліктен бас тарту мүмкіндігінің болуы мақсатында ұстанатындарына мазасызданады.

57. Мемлекетті қабылдайтын мемлекеттік мекемелер арасында одан әрі таратуға қатысты жеткілікті кепілдіктер болмаған жағдайларда шетелдік арнаулы қызметтерге ақпарат беру Арнайы баяндамашыны мазасызданырады. Сонымен, Арардың ісі бойынша Құрама Штаттары мен Канада арасындағы ақпаратпен алмасу тек қана «еркін алмасу» туралы ауызша уағдаластық негізінде жүзеге асырылды: әр түрлі іске тартылған мекемелер тікелей өзара әрекет шеңберінде нақты уақыт тәртібінде мәліметтер берді⁷².

Осы уағдаласқтыққа сәйкес Корольдік канадалық атты полиция ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қозғайтын тергеулер барысында сақталатын жеке адамдарға қол сұқпаушылыққа қатысты талаптарды орындамады, ол әдеттегіге қарағанда көп көлемде толымсыз және жаңылыс ақпаратпен алмасуға әкелді. Дәл осы ақпарат негізінде Құрама Штаттарының Көші-қон және қоластына алу қызметі Арар, Серияға жер аударуға негіз болған, ақырында азапталынған «Әл-Каид» ұйымының мүшесі болып табылады деп тұжырымға келді.

⁷⁰ Сондай-ақ жақын арада жарияланатын оның баяндамасындағы Терроризм, терроризммен күрес және құқық мәселелері жөніндегі Белгілі заңгерлер тобының қорытындылары, IV-тарау, 3.2-бөлім қараңыз.

⁷¹ Бас Ассамблеяның 56/83 қарары, қосымша, Халықаралық-құқыққа қайшы әрекеттер үшін мемлекеттердің жауапкершілігі туралы халықаралық құқықтық комиссиясы бабының жобасы, 40 және 41-бап.

⁷² См. Commission of Inquiry into the Actions of Canadian Officials in Relation to Maher Arar, Report of the Events Relating to Maher Arar, Factual Background vol. I, p.38; F.

Bignami, «Towards a right to privacy in transnational intelligence networks», Michigan Journal of International Law, vol. 28, No. 3 (2007), pp. 675-676.

С. Ex post facto жауапкершілігі және құқық қорғаудың тиімді құралдарына құқығы

58. Ex-ante бақылау және қадағалау тетіктері терроризммен күрес барысында арнаулы қызметтер жасаған адам құқықтарының бұзушылықтарын ескерту және айқындау үшін өте маңызды. Біріншіден фактілерді анықтауға, екіншіден арнаулы қызметтерге және тиісті лауазымды тұлғаларға әрекеттер үшін жауапкершілік жүктеуге келіп түскен шағым негізінде арнаулы қызметтер жасаған адам құқықтарын бұзушылығына тәуелсіз тергеу жүргізуге мүмкіндік беретін жүйе жасауға мемлекет міндеттемесінің маңызды орны бар. Осы мәнмәтінде Арнайы баяндамашы арнаулы қызметтердің қызметкерлерін заңсыздыққа әкелетін жауапкершіліктен/сот қарауына жатпаушылықтан босату туралы ескертпе қабылдау жайында мазасызданады⁷³. Мұндай жауапкершіліктен босату туралы ескертпелер сотқа жүгінуге айтарлықтай кедергі жасалуы мүмкін және қорғаудың тиімді құралдарына қол жеткізуге адамның құқығын бұзады.

Мемлекеттік құпияны қорғау туралы ережелерді теріс пайдалану

59. Арнайы баяндамашы ұлттық қауіпсіздікті қорғау үшін өте маңызды нақты ақпаратқа, мысалы арнаулы қызметтердің көздері, жеке деректері және агенттерінің жұмыс әдістері туралы ақпаратқа кең жұртшылықтың қолжетімділігін шектеуді құптайды, ол сонда да қадағалау органдары мен сот биліктерінен заңсыз әрекеттерді жасыру, сыннан құтқарылуы, ыңғайсыз жағдайдан шығау және ең маңыздысы жауапкершіліктен жалтару мақсатында жасалатын мысалы Германия, Италия, Польша, Румыния, бұрынғы югославия Республикасы Македония, Біріккен Корольдігі және Америка Құрама Штаттары сияқты елдерде қоғамдық мүдделерді қорғауға байланысты мемлекеттік құпия және иммунитеттер туралы ережелерді өте жиі пайдаланылуы м а з а с ы з д а н д ы р а д ы .

60. Адам құқықтары саласындағы мемлекеттердің міндеттемелері, атап айтқанда құқық қорғаудың тиімді құралдарының болуын қамтамасыз ету міндеттемесі мұндай заңды ережелер априориға әсіресе халықаралық қылмыстар немесе адам құқықтарын дөрекі бұзушылықтар туралы хабарламалар болған жағдайларда тергеулер жүргізуден бас тарту үшін негіз болмау немесе құқыққа қайшы әрекеттер туралы ақпаратты тартатуға жол бермеу керек⁷⁴. Құпиялыққа тұрақты сілтеме мемлекеттік құпияны қорғауға байланысты жалпы саясатқа сәйкес, мысалы үшінші тараппен (жөнелтуші жағынан бақылау принципіне сәйкес (жоғарыда 48-тармақты қараңыз) жиналған

мәліметтерді төтенше беру⁷⁵ және пайдалану процедуралары шеңберінде Құрама Штаттарының астыртын ұстау, адамдардан жауап алу және тасымалдау жөніндегі бағдарламалары жағдайында нақты тергеу жүргізуге кедергі жасайды және елеске қорғау құқығын артады. Бұл Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 2-бабына сыйыспайды. Бұдан басқа, ол адам құқықтарын дөрекі бұзушылықтары мен халықаралық гуманитарлық құқығын байыпты бұзушылықтарына тергеу жүргізу барысында сот көмегін көрсетуде мемлекеттің міндеттемесін бұзу деп е с е п т е л е д і ⁷⁶.

61. Арнайы баяндамашы құпиялықтың заңсыз жүйесін бұзу үшін құпия агенттерге және басқа да ақпаратшыларға есептелген мәлімдеушілерді әрекетсіз қорғау тетіктерсіз тиімді тергеу мүмкін емес деп санайды. Адам құқықтарының байыпты бұзылуы туралы сенімді фактілердің ең ықтимал көзі осы арнаулы қызметтің қызметкерлері болып табылады. Мұндай жағдайларда осы фактілерді ашу үшін қоғамның мұқтажы оларды жасырудағы мүдделілігі басым болады. Мұндай мәлімдеушілер бірінші кезекте заңды сипаттағы репрессалиядан және қызмет бабындағы ақпаратты таратқан үшін тәртіптік жазалаулардан қорғалуы тиіс. Одан әрі, қадағалаудың тәуелсіз тетіктері мәлімдеушілер мен ақпаратшыларды қажетті қорғау құралдарымен қамсыздануға мүмкіншіліктер болуы тиіс, бұрынғы Югославия бойынша Халықаралық қылмыстық трибуналдың, Руанда бойынша Халықаралық қылмыстық трибуналдың, Сьерр-Леон бойынша Арнаулы сот пен Халықаралық қылмыстық сотының куәгерлерін қорғау бағдарламаларын негіз етіп алуға болар еді.

62. Арнайы баяндамашы арнаулы қызметтермен адам құқықтарының бұзылуын ашуға бағытталған бүкіл әлемде сансыз тергеулермен айналыстын журналистер мен үкіметтік емес ұйымдардың қызмет маңызын баса айтады. Көбінесе жауапкершілікке ресми тәртіпте емес осындай субъектілердің хабарламалары негізінде тартылады. Бақылаудың сыртқы бейресми тетігі ретінде баспасөз маңызды қызметтерін орындау үшін ақпарат еркіндігін және журналистердің құпиялық көздерін қорғау туралы ықпалды заң қажет⁷⁷. Мемлекеттер өз лауазымды тұлғалары үшін⁷⁸ ғана құпиялықты бұзған үшін қудалауды қарастыру, қоғамдық мүдделерге сәйкестігін міндетті тексеруді қарастыру және ресми мемлекеттік құпияларды жариялау мәселелерінде ол қаншалықты қоғамдық мүдделерге сәйкес келетінін ескеруді соттарға міндеттеу керек.

63. Кез-келген істерді қарау кезінде адам құқықтарының байыпты бұзылуы туралы әңгіме болғанда мемлекеттік құпияны сақтау талаптарының дәлелділігі туралы мәселені ақыр аяғында судьялар шешу керек.

Олар даудың заты болып табылатын ақпаратты жұртшылықтың немесе террорлық әрекетке күдікті адамның және оның сот ісіндегі қорғаушысының мәліметтеріне дейін жеткізу рұқсатын қаулы ете алады. Соңғы жағдайда құпиялыққа сілтемелерді тексеру мақсатында сот органдары үкіметпен ұсынылған баяндаулардан немесе өтініштерден

ғана алғанға қарағанда құпиялығын үкімет сақтауға тырысатын нақты мәліметтерге рұқсаты болу керек. Мемлекеттік құпия деп дәйекті болып саналатын элементтерді алып тасту негіздемелері болған жағдайда соттарға ашық тыңдау барысында мұндай ақпаратты жарияламау бойынша, мысалы осы ақпаратқа сотталушының қорғаушысына ғана (қажеттілігіне қарай қажетті тексеруден өткен) рұқсат беру жолымен шаралардың өтемі ретінде қабылдау туралы мәселені қарастыру керек. Аса қажеттілік жағдайда ғана судья наразылық білдіру үшін ашық болуы тиіс ақпарат көзін және мұндай ақпаратты (яғни ақпарат көзі және пайдаланылған әдіс) ұстауды жекелеу үшін шешім қабылдай алады.

⁷³ Мысалы, күш қауіпсіздігінің қызметкерлерін жауапкершіліктен босату және көп жылға қамау түрінде мемлекеттік қызмет агенттерінің атына сың үшін қылмыстық жазалау көзделген Алжирдің 2006 жылғы 27 ақпандағы 06-01 Қаулысының 45 және 46-бабын (Хартияның бейбітшілік пен татуласуды жүзеге асыру туралы) қараңыз.

⁷⁴ Мысалы, Адам құқықтары жөніндегі америкааралық сот, *Mugna Mack-Chang v Guatemala*, judgment, 25 November 2003, para. 180; АҚЕС, «Имакаев Ресейге қарсы», қаулы, 9 ноябрь 2006 жылғы 9 қараша қараңыз.

⁷⁵ «Эм-Масри Тенетке қарсы» ісін қарау барысында, үкімет төтенше беру процедурасы шеңберінде жасырын әкелінген Эм-Масри таққан айыптауларды қарау құпия операциялардың болу фактісін мойындауға немесе қабыл алмауға ОББ мәжбүрлейді, соған байланысты мемлекеттік құпияны қорғау түсініктері осы істі қараудан бас тартуды талап етеді деп көндірген ОББ директоры Портер Дж. Госстың өтінішін ұсынды, (*Assertion of a Formal Claim of State Secrets Privilege and Request for Expedited Consideration*, 8 March 2006, United States District Court - Eastern District of Virginia, Case NY. 1:05-cv-1417-TSE-TRJ). Сондай-ақ бас прокурордың міндеттерін атқарушы Джеймс Б. Комидің, ұлттық қауіпсіздік министрі Томас Ридждің, Құрама Штаттарының Ұлттық қауіпсіздік министрлігінің *Arar v Ashcroft C.A. NY. 04-CV-249-DGT-VVP* ісі бойынша 2005 жылғы 18 қаңтардағы өтініштерін қараңыз.

⁷⁶ Бас Ассамблеяның 60/147 қарарымен қабылданған адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларды байыпты бұзудан және халықаралық гуманитарлық құқықты байыпты бұзудан зардап шегушілер үшін құқықтық қорғау және залалды өтеу құқығына қатысты негізгі принциптерді және жетекшілік ережелердің 12-ші принципін қ а р а ң ы з .

⁷⁷ Белгияда, мысалы, Журналистердің ақпарат көздерін қорғау туралы 2005 жылғы 7 сәуірдегі Заңы (*Moniteur Belge*, 27 April 2005) журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне «ақпарат көздеріне құпиялықты сақтауға» тікелей р ұ қ с а т б е р е д і (3 - б а п) .

⁷⁸ Осы мәнмәтінде ақпаратшылардан алған құпия ақпаратты жариялаған жағдайда

мемлекеттік құпияны жариялауда журналистерді айыптауда заңдық негіздеме жоқтығы көрсетілген Германияның Конституциялық сотының «Cicero» (2007 жыл) қорытындысын қараңыз. BVerfG, 1 BvR 538/06 of 27.2.2007, Absatz-Nr. (1 - 82), имеется по адресу http://www.bverfg.de/entscheidungen/rs20070227_1bvr053806.html қараңыз.

III. Қорытындылар мен ұсынымдар

A. Қорытындылар

64. Жеке адамдардың құқықтарына байыпты ықпал көрсететін шараларды жүзеге асыру бойынша арнаулы қызметтердің өкілеттіктерін кеңейту, сондай-ақ құқықтық және әкімшілік салаларында шешімдер қабылдау үшін жиналған мәліметтердің маңызын арттыру адам құқықтарының бұзылуына кедергі жасайтын жауапкершіліктің сәйкес тетіктерін құру қажеттілігін ескертеді. Халықаралық құқыққа сәйкес мемлекетке адам құқықтары өмір сүру, азаптаулардан және адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттер, мәжбүрлі жоғалып кету немесе ықтиярлы ұстау⁷⁹ түрлерінен бостандық құқықтарын бұзу туралы пайымдауларын тәуелсіз тергеу жүргізуге, осындай әрекеттерге кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуға және осындай бұзушылықтарға қатысқан жағдайларыда зиянды өтеуді қамтамасыз етуге оң міндеттемесі жүктеледі. Осы адам құқықтарын қорғау оң міндеттемесі мемлекет өзінің ұлттық аумағы шегінде оның арнаулы қызметтерін қоса алғанда басқа мемлекеттің субъектілеріне артықшылықтарын ұсынатын жағдайларда әрекет етеді.

B. Ұсынымдар

Заң шығаратын жиналыстар

65. Арнайы баяндамашы арнаулы қызметтер жағынан жеке өміріне, отбасына, тұғын үйі мен хаталмасуына қол сұғымау құқығына байланысты кез-келген араласу әсіресе анық жазылған заңнаманың ережелеріне сәйкес жүзеге асыру үшін қауіпсіздік қауіпіне мөлшерлес болу керек және теріс пайдалануға қарсы тиімді кепілдіктер қамту керек. Мемлекеттерге құзырлы органдар тергеудің интрузивтік құралдарын, егер мұндай құралдар жеткілікті тиімділігімен террорлық құқық бұзушылықтарды айқындауға, ескертуге немесе оларды қудалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берсе қолдануды қамтамасыз ету керек. Жеке өміріне сұғыну ауқымын кеңейту кезінде өте жоғары деңгейдегі санкциясын талап ететін шешімдер қабылдаудың көп деңгейлі жүйесін құрау қажет. Бұдан басқа, арнаулы тергеу әдістерін ерікті пайдалануға және адам құқықтарын бұзуға жол бермеу мақсатында арнаулы қызметтермен мұндай әдістерді қолдану қажетті қадағалау және бақылау мәні керек.

66. Елдерге қоғам мүдделеріне сәйкес салдарлары бойынша болжалған және мұқият тексеру жататын мәнінде арнаулы қызметтер мен қауіпсіздік қызметтерінің мәліметтерді сақтау мен пайдаланудың ішкі құқықтық негізін әзірлеу керек. Бұдан басқа, заңнамада ақпаратты сақтау мерзімдеріне, оны пайдалану әдістеріне және оған адамдардың қолжетімділік ортасына қатысты бақылаудың тиімді шаралары көзделу, сондай-ақ ақпаратты өңдеу мәселелеріндегі деректерді қорғаудың халықаралық принциптерін сақтауды қамтамасыз ету керек. Тексеру жүргізу процесін, оның ішінде осындай ережелерді сақтауды қамтамасыз ету үшін тәуелсіз сыртқы қызметкерлерді тарту мен орнату реттеу керек.

67. Бұдан тыс, Арнайы баяндамашы мемлекеттік мекемелерге беретін мәліметтерге қатысты жеке компаниялардың құқықтары, міндеттемелері мен жауапкершілігі нақтыланған заңнама қабылдауды ұсынады.

68. Қадағалау жөніндегі парламент комитеттері, тергеу жүргізу жөніндегі арнаулы парламент комитеттері, корольдік комиссиялар және т.б. ішкі қадағалау қызметтерін орындай алу үшін оларға тергеу жүргізу бойынша кең өкілеттіктер беру, оларға атқару билігі мен арнаулы қызметтің мұрағаттары мен қоймаларына, үй-жайлары мен нысандарына кіру рұқсатын беру қажет. Осы органдар сондай-ақ жеке бастамасы бойынша ұлттық мекемелердің нақты мемлекеттермен немесе қызметтермен өзара қатынасын зерттеуге және нақты іс бойынша ынтымақтастық ететін шетел қызметтерімен барлық корреспонденцияны тексеруге мүмкіндігі болу. Осындай тексеруден кейін көрсетілген органдар атқару билігі үшін құпия баяндама және кең жұртшылық үшін жеке баяндама дайындау керек.

69. Арнайы баяндамашы арнаулы қызметтер құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ісін орындамауға қатысты терроризм, терроризммен күрес және адам құқықтары мәселелері бойынша Белгілі заңгерлер тобының ұсынымын қолдайды⁸⁰. Арнаулы қызмет теріс пайдаланушылық мүмкіндігіне қарамастан қамауға, ұстау мен жауап алуға өкілеттіктер берілсе, Арнайы баяндамашы кәдемігі азаматтық билік жағынан оларды құпия және тиімді бақылауды және адам құқықтары саласында халықаралық нормаларды толық сақтау шарттарында жұмыс істеуін қамтамасыз етуге шақырады.

70. Арнаулы қызметтердің ынтымақтастығы заңнамамен (оның ішінде адам құқықтарының кепілдіктеріне қатысты) және транспаренттілік ережелермен тікелей реттелу, анық белгіленген тәртіпке сәйкес (тиісті документалды куәліктерді сақтаған кезде) және парламенттік немесе сараптау органдары жағынан бақылауды немесе қадағалауды жүзеге асыру үшін қажет.

⁷⁹ *Aydin v Turkey* (1997) 25 ECHR 251; Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау

түрлеріне қарсы Конвенция, 5, 6, 12 және 13-баптар; Адам құқықтары жөніндегі комитет, № 31 (2004 жыл) жалпы тәртіптегі ескерту, Пактіге қатысушылар мемлекетке салатын жалпы заңдық міндеттемелерінің сипаты туралы, 15 және 18-тармақ.

⁸⁰ Терроризм, терроризммен күрес және адам құқықтары мәселелері бойынша белгілі заңгерлер тобы, 2009 жыл, шығушы баяндама, IV-тарау, 5-бөлім.

Атқарушы билік органдары

71. Атқарушы билік органдары арнаулы қызметтердің қызметін бақылауды шынайы жүзеге асыру үшін заңнамада көзделген осындай бақылаудың тиімді құралдарын беру және осы қызмет істері туралы дәлме-дәл ақпаратпен иелену керек. Осыған байланысты арнаулы қызмет және қауіпсіздік қызметі үшін жауап беретін министр саяси көзқарасынан сезімтал мәселелері бойынша қызметті немесе негізгі құқықтарды қозғайтын әрекеттерді (мысалы, арнаулы тергеу өкілеттіктерін беруді бекіту, судьядан қысымша сыртқы растауды алу қажеттілігін белгілеу) мақұлдау құқығы болу керек.

72. Арнайы баяндамашы төтенше беруде, азаптауларда, жоғалып кетулерде, құпия ұсталуларда немесе кез-келген басқа да адам құқықтарының күрделі бұзуларында болған елдердің барлық тиісті органдарын аумақтарында арнаулы қызметтер жасаған барлық құқыққа қайшы әрекеттерді жан жақты тергеу жүргізуге шақырады. Мемлекет осындай құқыққа қайшы әрекеттерден зардап шегуші адамдарды оңалтуға және келтірген зияның өтеуге қамтамасыз ету керек. Бұдан басқа, мемлекет сот қадағалауымен және халықаралық нормаларға сәйкес жүзеге асырылатын жағдайларды қоса алғанда қандай да бір адамды басқа мемлекет қызметінің қызметкерлеріне табыстауды немесе осындай табыстауға жәрдемдесуді тоқтату керек.

73. Арнайы баяндамашы мемлекеттерге тексерілген ережемен алмасу туралы келісімдеріне мұндай келісімді қолдану бойынша тиісті тараптың әрекеті қадағалау органдарымен тексеріледі және әрбір тараптың мұндай органдары әрбір тараптың немесе екі тараптың қызметін бағалау мәселелерінде бір-бірімен ынтымақтастық етуге толық құқылы⁸¹ қосуды ұсынады.

Арнаулы қызмет

74. Арнайы баяндамашы қызметтік ақпаратпен мемлекет алатын басқа да мемлекеттік мекемелер, мысалы адамдарды қамау мен ұстауға өкілеттіктері бар құқық қорғау органдары және көші-қон қызметтері арасында мұндай ақпараттың одан әрі таралуын шектейтін жазбаша оговорки болған кезде ғана басқа да арнаулы қызметтермен алмасуды ұсынады. Осыған байланысты Арнайы баяндамашы қандай да бір тұлғаға қатысты бұлтартпау шараларын анықтау кезінде тиісті тарап мұндай ақпараттың нақты дұрыстығына, дәлдігі мен сенімділігіне қарсы болған жағдайларды

қоспағанда шетелдік арнаулы қызметтердің мәліметтерін пайдаланбауды ұсынады, бұл ретте оны дәл және сенімді деп санауға байыпты негіздер бар.

75. Арнайы баяндамашы мүше мемлекеттерді мемлекеттік құпияны және ұлттық қауіпсіздікті қорғау түсініктері бойынша ашықтығына шектеуді минимумға дейін шақырады. Тиісті қорғау қажет мемлекеттік құпия адам құқықтарын бұзғаны үшін арнаулы қызметтердің қызметкерлерін қоса алғанда, мемлекет өкілдерінің азаматтық, қылмыстық немесе саяси жауапкершілігі туралы ақпарат және мәлімет болып саналмайды. Мұндай істердің болуын шынайы, заңды мемлекеттік құпиядан бөлу мүмкіндігі болмаса мемлекеттік құпияны бір уақыт сақтау кезінде іс-әрекеттері үшін кінәлі адамдардың жазалауын қамтамасыз ететін тиісті процедураларды қарастыру қажет.

76. Арнайы баяндамашы арнаулы қызметтерге ішкі пайдалану және халықаралық бағдарламалар шеңберінде пайдалану үшін операцияларды жүзеге асыру кезінде адам құқықтарын сақтау әдістеріне оқыту бағдарламаларын әзірлеуді ұсынады. Мұндай оқыту адам құқықтарын сақтау кәсіптік талаптардың бірі, сондай-ақ арнаулы қызметтің әрбір қызметкерінің кәсіби мақтанышының көзі болып табылу түсінігіне негізделу керек.

77. Арнаулы қызмет шеңберінде мәлімдеушілерді тиісті қолдау мен қамтамасыз етуді заңды түрде бекіту керек.

Адам құқықтары жөніндегі кеңес

78. Арнайы баяндамашы адам құқықтарын сақтауға және арнаулы қызмет практикасының ең жақсы түрлерін пайдалануға қатысты жетекшілік нұсқауларды әзірлеу мен қабылдауға ұсынады⁸².

⁸¹ C. Forcese, The Collateral Casualties of Collaboration - the Consequence for Civil and Human Rights of Transnational Intelligence Sharing, conference paper for the DCAF workshop on accountability of international intelligence cooperation, Oslo, 17 October 2008 қараңыз.

⁸² Сондай-ақ Бас Ассамблеяның 34/169 қарарымен қабылданған құқық тәртібін қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-құлық Кодексін қараңыз.